

SMART.DARYN.KZ платформасына тіркелу бойынша НҰСҚАУЛЫҚ

Маңызды! Егер сізде *smart.daryn.kz* сайтында аккаунт болмаса, осы нұсқаулықтың **1-тармағындағы (SMART.DARYN.KZ платформасында аккаунт құру)** қадамдарды, оның **1.1–1.4 тармақшаларын орындап, тіркеліңіз.** Егер сайтқа бұдан бұрын тіркелген болсаңыз, бұл тармақты өткізіп жіберіңіз. Платформада аккаунт ашқан соң, барлық оқушылар жеке кабинетінде **2-тармақтағы (Іс-шараға қатысуға өтінім беру)** нұсқаулыққа сәйкес іс-шараға тіркелуі тиіс.

Назар аударыңыз: платформада аккаунттың болуы іс-шараға тіркелгеніңізді білдірмейді. Жеке кабинетінде іс-шараға тіркелмеген оқушылар оған қатыса алмайды.

Жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін **Google Chrome** браузерін пайдаланыңыз.

1. SMART.DARYN.KZ платформасында аккаунт ашу
 - 1.1. Тіркелу бетіне өту
 - 1.2. Деректерді толтыру — **1-кезең**
 - 1.3. Деректерді толтыру — **2-кезең**
 - 1.4. Аккаунтты растау
2. Іс-шараға қатысуға өтінім беру

1. SMART.DARYN.KZ платформасында аккаунт ашу

1.1. Тіркелу бетіне өту

Аккаунт ашу үшін, сілтеме арқылы өтіңіз: <https://smart.daryn.kz/auth/register>

немесе браузердің іздеу жолағына **smart.daryn.kz** деп теріп, Enter басыңыз.

Басты бетте «**Тіркелу**» батырмасын басыңыз.

Ауыл олимпиадасы бойынша телеграмм арнасы сілтемесі

Олимпиаданың I кезеңінің өту кестесі - 2025 жыл

Қаз Рус Eng

Жүйені тек жеке компьютерде/ноутбукта және тек Chrome браузері арқылы пайдалануға болады.
Chrome жүктеп алыңыз

Кіру

Email

Құпия сөз

Мені есте сақтау

Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?

Кіру

Тіркелу →


Осыдан кейін тіркеу формасы ашылады.

1.2. Деректерді толтыру — 1-кезен

<p>Тегі</p>	<p>2. Оқушының тегі, аты, әкесінің аты туу туралы куәлігінде немесе жеке куәлігінде көрсетілгендей дәл енгізілуі керек.</p> <p>* Тіркелгеннен кейін қате терілген мәліметтерді өздігінен түзету мүмкін болмайды. Сондықтан деректерді мұқият тексеріңіз!</p>
<p>Аты</p>	
<p>Әкесінің аты</p>	
<p>Жыныс</p> <p><input type="radio"/> Ер <input type="radio"/> Әйел</p>	<p>3. Оқушының жынысын тізімнен таңдаңыз.</p>
<p>Email</p>	<p>4. Пochтаңызды қатесіз жазыңыз</p> <p>* Әр оқушыда жеке почта болуы тиіс. Бір e-mail арқылы бірнеше қатысушыны тіркеу мүмкін емес. Почта аккаунтты растау, жүйеге кіру және құпиясөзді қалпына келтіру үшін қолданылады.</p>
<p>+7 () _____</p>	<p>5. Телефон нөміріңізді жазыңыз</p>
<p>Туған күні (КК.АА.ЖЖЖЖ)</p> <p>Дата рождения</p>	<p>6. Оқушының туған күнін жеке құжат бойынша толтырыңыз.</p>
<p>ЖСН</p>	<p>7. Оқушының ЖСН жеке құжаттан қатесіз жазыңыз.</p> <p>* ЖСН қате толтырсаңыз сайтқа тіркеле алмайсыз.</p>

Барлық ақпаратты енгізгеннен кейін қайтадан мұқият тексеріңіз.

Егер бәрі дұрыс болса, форманың төменгі жағындағы «Әрі қарай» батырмасын басыңыз.



1.3. Деректерді толтыру — 2-кезен

Екінші кезеңде мына деректерді толтырыңыз:

Облыс	8. Облысты, ауданды, қаланы (ауылды) және мектепті таңдаңыз: - Ол үшін алдымен «облысты» таңдаңыз. - Содан кейін «ауданды» таңдаңыз. - «Елді мекен» тізімінен қаланы немесе ауылды таңдаңыз. - Келесі «мектепті» таңдаңыз.
Аудан	
Елді мекен	
Мектеп	
Оқу тілі	9. Оқу тілін таңдаңыз. * Назар аударыңыз: таңдалған оқыту тілі қолжетімді іс-шаралар тізіміне әсер етеді, сондықтан бұл жолды мұқият толтырыңыз.
Ұлты	10. Оқушы ұлтын таңдаңыз. * Оқушының «ұлты» іс-шара пәндерінің тізіміне әсер етеді, сондықтан «Ұлты» жолын мұқият толтырыңыз.
Сынып	11. Оқушы сыныбын таңдаңыз. * Таңдалған сынып қолжетімді іс-шаралар тізіміне әсер етеді.
Құпия сөз	12. Құпиясөзді ойлап табыңыз және оны қайталап жазыңыз. * Екі жолдағы құпиясөз сәйкес келуі керек.
Құпиясөзді қайталаңыз	

Барлық деректерді енгізген соң, тағы бір рет дұрыстығын тексеріңіз де, «**Мен енгізілген деректердің дұрыстығын растаймын**» деген жолдың қасына белгі қойыңыз (1-жебе). Егер деректердің бәрі дұрыс болса, «**Тіркелу**» (2-жебе) батырмасын басыңыз.

Келесі қадамда аккаунтты электрондық пошта арқылы растау қажет. Егер пошта расталмаса, аккаунтқа кіру мүмкін болмайды.

Қаз Рус Eng

Тіркеу

Оқушы Мұғалім

1 Кезең 2 Кезең

Облыс
Абай облысы ✖

Аудан
Аягөз ауданы ✖

Қала
Мынбұлақ а. ✖

Мектеп
"Мынбұлақ ЖББОМ" КММ ✖

Оқу тілі
Қазақ тілі ✖

Ұлты
Қазақ ✖

Сынып
9 ✖

••••••••••

- Кемінде бір бас әріп
- Кемінде бір кіші әріп
- Кемінде бір сан
- Кемінде бір арқанға таңба
- Кемінде 8 таңба

••••••••••



Мен енгізілген деректердің дұрыстығын растаймын

1 → **Тіркелу** ← **2** Кіру →

1.4. Аккаунтты растау

Алдыңғы қадамдағы «Тіркелу» батырмасын басқаннан кейін беттің жоғарғы бөлігінде ескерту шығады:

*«Вам отправлено на почту *ваша почта* письмо подтверждения, пожалуйста, проверьте почту. Вход доступен после подтверждения почты. Хотите перейти на страницу входа? / Сіздің *сіздің почтаңыз* почтанызға растау хаты жіберілді, почтаны тексеріңіз. Жүйеге кіру тек почтаны растағаннан кейін қолжетімді болады. Кіру бетіне өтуді қалайсыз ба?».*



Қаз Рус Eng


Войти

[Забыли пароль?](#)


Почтаңызға кіріп, «Подтверждение регистрации в системе Daryn.kz / Daryn.kz жүйесінде тіркеуді растау» тақырыбы бар хатты табыңыз.

*Хат табылмаса — «Спам» папкасын тексеріңіз.

Хатты ашып, растау сілтемесін басыңыз.




Сілтеме арқылы өткен соң smart.daryn.kz платформасы ашылады. Оң жақта «E-mail сәтті расталды» деген хабарлама шығады.




2. Іс-шараға қатысуға өтінім беру

Сайтқа тіркелген соң, ендігі кезекте іс-шараға қатысуға өтінім беру қажет.


- Келесі сілтеме арқылы авторизация бетіне өтіп, өз аккаунтыңызға **e-mail/ЖСН және құпиясөз** арқылы кіріңіз: <https://smart.daryn.kz/auth/login>
- Жеке кабинетте беттің сол жағындағы мәзірден **«Қолжетімді іс-шаралар (Тіркелу)»** бөлімін таңдаңыз (2-жебе). Егер мәзір көрінбесе, беттің сол жақ жоғарғы бұрышындағы үш көлденең сызықты басыңыз (1-жебе).




- Ашылған бетте өзіңізге қажетті іс-шара атауының астындағы **«Толтырақ»** батырмасын басыңыз.



- Таңдалған іс-шара атауының астында **«Көру»** батырмасын басыңыз.




- Ашылған бетте «Тіркелу» батырмасын басыңыз.




- Ақпараттың дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін «Жіберу» батырмасын басыңыз.

* Осы терезе ішінде оқушы келесі деректерді өзгерте алады:

- Облыс;
- Аудан;
- Елді мекен;
- Мектеп;



- Төмендегі суретте көрсетілгендей, беттің төменгі оң жақ бұрышында «Сәтті өзгертілді» және «Сәтті қосылды» деген хабарламалар шығуы тиіс.



- Сонымен қатар, мәзірдегі «Менің іс-шараларым» бөлімінде таңдаған пән көрінуі тиіс. Іс-шара пәнінің карточкасында (2-жебе) **тестілеудің күні, уақыты және ұзақтығы** көрсетіледі.

Маңызды! Іс-шараның күні мен уақыты толық тіркеу аяқталғаннан кейінгі 1 апта ішінде өзгеруі мүмкін. Сондықтан тіркеу уақыты аяқталған соң іс-шараның өту күні мен уақытын **жиі тексеріп тұрыңыз.**

